

"Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company" Ltd.
компаниясының директорлар кеңесі құрамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 наурыздағы № 146 қаулысына өзгеріс енгізу және **"Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company" Ltd.**
компаниясының директорлар кеңесі құрамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 21 қазандағы № 776 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 18 мамырдағы № 386 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. **"Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company" Ltd.**
компаниясының директорлар кеңесі құрамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 наурыздағы № 146 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне заңнамада белгіленген тәртіппен **"Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company" Ltd.** компаниясының директорлар кеңесінің құрамына:

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін директорлар кеңесінің төрағасы етіп;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасарын директорлар кеңесінің мүшесі етіп;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрін директорлар кеңесінің мүшесі етіп;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрін директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлауды қамтамасыз ету ұсынылсын."

2. **"Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company" Ltd.**
компаниясының директорлар кеңесі құрамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 21 қазандағы № 776 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

